

«Бекітемін»

**«Облыстық АИТВ-инфекциясының
алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК директорының
2026 жылғы 24 қыркүйек № 131-Н бұйрығына
Кудаманова Айгуль Бакытжановна**

24 қыркүйек 2026 жыл



Ереже

**сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын
жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы**

Атырау 2026 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК ұйымындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы ереже (бұдан әрі – Ереже, Ұйым) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 наурызда № 32211 болып тіркелген, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге, оны бекіту күніне қолданыстағы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, әзірленді.
2. Осы Ереже Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлғаның (бұдан әрі – Жауапты тұлға) негізгі міндеттерін, функцияларын, өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыру және өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.
3. Ұйым квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылтай құжаттарына және Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.
4. Ұйым қызметкерлерінің орташа жылдық саны 83 штат бірлігін құрайтындығына байланысты, Ұйым Үлгілік ережеде белгіленген қызметкерлер саны бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті дербес құрылымдық бөлімше ретінде құру шартына сәйкес келмейді. Үлгілік ереженің 7 және 8-тармақтарында көзделген өзге де шарттар болмаған жағдайда, Үлгілік ереженің 12-тармағына сәйкес Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын жүзеге асыратын Жауапты тұлға айқындалады.
5. Жауапты тұлғаға Ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанын, штаттық санын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып, Үлгілік ережеде көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері қолданылады.
6. Жауапты тұлға өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Үлгілік ережені, осы Ережені, Ұйымның жарғысын және өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
7. Жауапты тұлға қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оған сатып алуға, қаржыға, бухгалтерлік есепке, кадрлық және шарттық жұмысқа, мүлікті басқаруға, ішкі аудитке, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жауапты тұлға тарапынан мониторинг жүргізілуге жататын процестерді құқықтық сүйемелдеуге байланысты функциялар жүктелмейді.
8. Жауапты тұлға өзіне берілген өкілеттіктер шегінде атқарушы органнан, лауазымды тұлғалардан және Ұйым қызметкерлерінен тәуелсіз түрде өз

функцияларын жүзеге асырады.
9. Жауапты тұлға уәкілетті мемлекеттік органдар мен комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде арттырады.

2-тарау. Жауапты тұлғаның негізгі міндеттері

10. Жауапты тұлғаның негізгі міндеттері:

- 1) Ұйым мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;
- 2) Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) Ұйымда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптардың және халықаралық озық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

3-тарау. Жауапты тұлғаның функциялары

11. Жауапты тұлға мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады;
- 4) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды төмендету мен жою бойынша қабылданып жатқан шараларға мониторинг жүргізеді;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізеді;
- 6) Ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

- 7) Ұйым қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 8) Ұйым ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 9) Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның орындалуына мониторинг жүргізеді;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 11) контрагенттердің сенімділігіне кешенді тексеру жүргізеді;
- 12) Ұйымдағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен оларға қатысады;
- 13) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерге және Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді;
- 14) құрылымдық бөлімшелер мен Ұйым қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру тиімділігін бағалайды;
- 15) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру жөніндегі міндетті түрде қаралуға жататын ұсынымдарды Ұйымның басшысына және тиісті мәселе жататын құрылымдық бөлімшелерге енгізеді;
- 16) Ұйым қызметінің ерекшелігіне қарай тәуелсіздікке әсер етпейтін және мүдделер қақтығысын туындатпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп және тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;
- 17) Жауапты тұлғаның құзыретіне жататын мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен, мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізу

12. Жауапты тұлға мыналардың сақталуына мониторинг жүргізеді:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы;
- 2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қаржылық бақылау шараларын сақтауы;
- 3) Қазақстан Республикасының мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтауы;
- 4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың жақын туыстарымен, жұбайларымен (зайыптарымен) және (немесе) жекжаттарымен бірлесіп жұмыс істеуге тыйым салуды сақтауы;
- 5) қызметтік өкілеттіктеріне кіретін әрекеттері үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, көрсетілетін қызметтерді алуға және (немесе) беруге тыйым салуды сақтауы;
- 6) ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында пайдалануға тыйым салуды сақтауы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге, оның ішінде интернет-ресурстар желілерін пайдалану арқылы өткізілетін ойындарға қатысуына тыйым салуды сақтауы;
- 8) бұрын мемлекеттік қызметте лауазым атқарған адамдарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарын немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, еңбек шартын жасасу және жұмысқа орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауы.

5-тарау. Жауапты тұлғаның өкілеттіктері

13. Жауапты тұлға өз құзыреті шегінде:

- 1) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтер мен материалдарды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады;
- 2) берілген өкілеттіктер шегінде Ұйымның цифрлық жүйелері мен дерекқорларына қол жеткізеді;

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тексеру іс-шараларына, қызметтік тексерулерге және қызметтік тергеп-тексерулерге қатысады;
- 4) қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан адамнан, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде басқа да адамдардан жазбаша түсініктемелер алады;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен Ұйым қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

6-тарау. Жауапты тұлғаның жұмыс тәртібі

14. Жауапты тұлғаның қызметі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Ұйымның ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, Ұйым басшысы бекітетін жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

15. Жұмыс жоспары мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуды өткізу;
- 4) ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де мәселелері.

16. Жауапты тұлғаның ұсынымдары Ұйымның басшысына немесе тиісті мәселе жататын құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі және Ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде міндетті түрде қаралуға жатады.

17. Ұсынымдарды қарау қорытындылары бойынша құрылымдық бөлімшелер Жауапты тұлғаға қабылданған шаралар туралы хабарлайды не оларды орындаудың мүмкін еместігі туралы дәлелді негіздеме ұсынады.

18. Жауапты тұлға ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

19. Жауапты тұлға жылына кемінде бір рет Ұйым басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзылуы және оларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы мәліметтерді қамтитын өз қызметі туралы есеп ұсынады.

20. Жауапты тұлғаға келіп түскен құжаттар, өтініштер мен мәліметтер

- Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып қаралады.
21. Ұйым Жауапты тұлғаға қажетті ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін жеткілікті ұйымдастырушылық және техникалық ресурстар ұсынады.
22. Жауапты тұлғаның қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қол жеткізуін негізсіз шектеуге, сондай-ақ оның өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде оған ықпал етуге жол берілмейді.
23. Жауапты тұлғаның қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа қол жеткізуі негізсіз шектелген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылданбаған немесе мүдделер қақтығысы болған жағдайда, Жауапты тұлға Ұйым басшысына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.
24. Жауапты тұлғаға әдістемелік қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.
25. Жауапты тұлға белгіленген тәртіппен Ұйымда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

7-тарау. Жауапкершілік

26. Ұйым басшысы өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етеді және бағынысты адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына жол бермеу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.
27. Жауапты тұлға өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
28. Ұйым қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және Ұйымның ішкі құжаттарының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

29. Осы Ереже бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
30. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар оны бекіту үшін белгіленген тәртіппен енгізіледі.
31. Осы Ереже Ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және қызметкерлердің назарына жеткізіледі.
32. Жауапты тұлға туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), фотосуреті және байланыс деректері Ұйымның

жалпыға бірдей қолжетімді орындарында және интернет-ресурсында орналастырылады.

33. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережемен және Ұйымның ішкі құжаттарымен реттеледі.